


БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ Пән бойынша тәжірибелік дағдылардың тізімі

Пәні: Балалар гастроэнтерологиясы
Пән коды: BG 6308
ББ шифры мен атауы: 6B10113 «Педиатрия»
Оқу сағаты/кредит көлемі: 4 кредит/120сағат
Оқу курсы мен семестрі: 6курс, ХІсеместр

Педиатрия-1 кафедрасы
Бақылау өлшеу құралдары

38 / 11
4 беттің 2 беті

Құрастырушы:  ассистент А.Е.Төлеуова
Кафедра меңгерушісі:  PhD, қауымд.проф.Кемельбеков К.С.
Хаттама № 2 Күні 25. 09. 23

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Бақылау өлшеу құралдары		4 беттің 3 беті

1. Ақпарат жинау және клиникалық бағалау

1. Баланың жасына байланысты шағымдарын жинау (нәресте – ата-анасы арқылы, жасөспірім – өзінен).
2. Аурудың анамнезін жинау: ауырсыну сипаты, құсу, нәжіс өзгерістері, тәбет, дене салмағы.
3. Перинаталдық анамнезді бағалау (жүктілік ұзақтығы, туу салмағы, ерте кезеңдегі асқазан-ішек мәселелері).
4. Аллергологиялық, инфекциялық және отбасылық анамнезді анықтау.
5. Тағамдық әдеттерді, емізу түрін, қосымша тамақ енгізу тарихын бағалау.
6. Баланың физикалық және психомоторлық дамуын бағалау.
7. Балалардағы негізгі асқазан-ішек ауруларының дифференциалды диагностикасын жүргізу.

2. Баланы физикальды тексеру

1. Қарау (тамақтану жағдайы, тері тургоры, сусыздану белгілері, атопия, анемия, сарғаю).
2. Өртүрлі жастағы балаларда ішті пальпациялау және перкуссия жасау.
3. Ішек аускультациясы – балаларға тән ерекшеліктер.
4. Балалардағы «жедел іш» белгілерін бағалау.
5. Бауыр мен көкбауырдың жасқа сай көлемін анықтау.
6. Перианальды аймақты тексеру (жарық, жыланкөз, қабыну белгілері).
7. Өсу тежелуі, гипотрофия немесе семіздік белгілерін анықтау.

3. Зертханалық диагностика (нәтижелерді талдау)

1. Балалардың жалпы қан анализін бағалау: анемия, қабыну белгілері, мальабсорбция.
2. Биохимиялық талдау: АЛТ, АСТ, билирубин, сілтілі фосфатаза, ұйқы безі ферменттері.
3. Өртүрлі жастағы балалардың копрограмма нәтижесін интерпретациялау.
4. Нәжісті паразиттерге, ротавирусқа, норовирусқа, бактериялық инфекцияларға талдау.
5. Жасырын қанға нәжіс талдауын бағалау (жалған оң факторларды ескеру).
6. Лактаза жетіспеушілігін анықтау (сутегі тыныс сынағы).
7. Целиакия маркерлерін бағалау (tTG-IgA, EMA, жалпы IgA).

4. Аспаптық диагностика

1. Балалардағы іш қуысы УДЗ-нің нәтижелерін жас нормаларына сай талдау.
2. ФГДС нәтижелерін оқу: эрозиялар, гастродуодениттер, рефлюкс, ойық жаралар.
3. Балаларда эндоскопия кезінде ассистенция көрсету (жансыздандыру және құралдардың ерекшеліктері).
4. Өңештің рН-метриясы нәтижелерін интерпретациялау.
5. Крон ауруындағы ішек УДЗ нәтижелерін талдау.
6. Бауыр эластографиясын бағалау.
7. Рентгенологиялық зерттеулердің (КТ/МРТ) клиникалық маңыздылығын талдау.

5. Практикалық манипуляциялар

1. Баланы ауыз арқылы регидратациялау (ОРС қолдану).
2. Сусыздану дәрежесін бағалау (жеңіл / орташа / ауыр).
3. Назогастральды зонд қою.
4. Нәрестеге пробалық тамақтандыру жүргізу.
5. Жасөспірімдерге Н. рүлогі-ге тыныс сынағын жүргізу (жас шектеулерімен).
6. Тағамдық төзімсіздік сынақтарын жүргізу (мамандығына сай).

7. Балаларға жасына қарай тазалау және емдік клизма қою.

6. Балалар гастроэнтерологиясындағы шұғыл жағдайлар

1. Балалардағы жедел ішек инфекцияларын жүргізу алгоритмі.
2. Ауыр сусызданған баланы инфузиялық терапиямен қамтамасыз ету.
3. Ішек инвагинациясында шұғыл көмек көрсету.
4. Балалардағы асқазан-ішек жолынан қан кету кезіндегі тактика.
5. Балалардағы жедел панкреатитті жүргізу.
6. Баланың ішінің жедел ауырсынуында әрекет ету.
7. Улану және тағамдық токсикоинфекциялар кезіндегі алғашқы көмек.

7. Дәрілік терапия (жас ерекшеліктері)

1. Дәрілердің дозасын дене салмағы мен дене бетінің ауданы бойынша есептеу.
2. Ингибитор-протон помпасын балаларға тағайындау.
3. Пробиотиктер мен пребиотиктерді жасына қарай қолдану.
4. Балаларға ферменттік препараттар тағайындау.
5. ГЭРБ және функционалды диспепсияны емдеу.
6. Целиакия, ВЗК және созылмалы гастриттер терапиясын жүргізу.
7. Лактаза жетіспеушілігі мен тағамдық аллергияны емдеу.

8. Балалар гастроэнтерологиясындағы диетотерапия

1. Төмендегі жағдайларда тамақтануды таңдау:
 - лактаза жетіспеушілігі
 - целиакия
 - гастроэзофагеальды рефлюкс ауруы
 - созылмалы гастродуоденит
 - тітіркенген ішек синдромы
 - панкреатит
2. Тағамдық аллергияда қолданылатын қоспаларды тағайындау (гидролизаттар, аминқышқылдық қоспалар).
3. Қосымша тамақ енгізу бойынша ұсыныстар беру.
4. Жас ерекшелігіне сай күнделікті мәзір құрастыру.

9. Диспансерлік бақылау және профилактика

1. ХГД, ГЭРБ, бауыр аурулары, целиакиямен ауыратын балаларды қадағалау.
2. Өсу мен дене салмағының динамикасын бақылау.
3. Іш қатудың алдын алу, өмір салтын түзету.
4. Жедел ішек инфекцияларынан кейін микробиотаны қалпына келтіру.
5. Созылмалы гастродуодениттердің қайталануын алдын алу.